

<sup>1</sup>Есиркепов Ж.М.<sup>a</sup>, <sup>2</sup>Ермаханов Б.Ө.<sup>b</sup>, <sup>2</sup>Абдилаев А.К., <sup>2</sup>Койшибаев А.Б., <sup>2</sup>Асанов А.Ш.

<sup>1</sup>Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан

## «ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ» МАМАНДЫҒЫНА ТАЛАПКЕРЛЕРДІ ҚАБЫЛДАУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Есиркепов Жандос Мөргенбайұлы, Ермаханов Бағлан Әмірзақұлы, Абдилаев Абдықалық Кошербаевич, Койшибаев Арман Балтабаевич, Асанов Алмазхан Шақенович

**«Дене шынықтыру және спорт» мамандығына талапкерлерді қабылдауда инновациялық технологияларды қолдану**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасына талапкерлерді қабылдауда автоматтандырылған зананауи технологияларды қолданудың қажеттілігі жан-жақты қарастырылады. Зерттеу барысында отандық және шетелдік ЖОО-да шығармашылық емтиханды қабылдау үдерісіне салыстырмалы түрде талдау жүргізіледі. Зерттеудің мақсаты - «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтиханды қабылдау нормативтерін жетілдіру. Зерттеу міндеттері: шет елдердегі шығармашылық емтихан қабылдау жүйесіне талдау жасау; Қазақстан Республикасындағы шығармашылық емтиханды қабылдау ережесіне талдау жүргізу; шығармашылық емтиханды автоматтандырудың және инновациялық технологиялардың тиімділік тұстарының артықшылығын ғылыми тұрғыдан негіздеу. Қазақстан Республикасының ЖОО-да «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтиханды қабылдаудың қолданыстағы ережелеріне жүргізілген талдау нәтижелері талапкердің жинаған баллын есепке алуда адами фактордың ықпалы басым екендігін, бұл мәселе талапкерлер мен ата-аналар тарапынан шағым-талаптардың көбеюіне себеп болатындығы анықталды. Зерттеу кезеңінде Қазақстан Республикасының оңтүстік аймағындағы Қызылорда, Түркістан, Шымкент және Тараз қалаларындағы жоғары оқу орындарындағы «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша 2025-2026 оқу жылында 1-курсқа қабылданған 1478 білім алушыға сауалнама жүргізілді. Сауалнама негізінде студенттердің аталған мамандықты таңдаудағы басты мақсаты айқындалды. Сонымен қатар, Түркия Республикасының ЖОО-да шығармашылық емтиханды қабылдауға арналған заманауи автоматтандырылған жүйесі зерделенді. Зерттеу нәтижесінде шығармашылық емтихан қабылдау үдерісін автоматтандырып, заманауи технологияларды енгізудің артықшылық тұстары дәлелденді.

**Түйін сөздер:** инновациялық технологиялар, дене шынықтыру және спорт, талапкер, шығармашылық емтихан, норматив, цифрлық платформа.

Yessirkepov Zhandos, Yermakhanov Baglan, Abdillayev Aabykalyk, Koishibayev Arman, Assanov Almazkhan

**The use of innovative technologies in the admission of applicants for the specialty «Physical culture and sports»**

**Abstract.** This article examines in detail the need to use modern automated technologies in the admission of applicants to the educational program «Physical Culture and Sports». In the course of the research, a comparative analysis of the process of taking creative exams in domestic and foreign universities was carried out. The purpose of the study is to improve the standards for taking creative exams in the educational program «Physical Culture and Sports». Research objectives: analysis of the system of admission of creative exams abroad; analysis of the rules of admission of creative exams in the Republic of Kazakhstan; to scientifically substantiate the advantages of automation of creative exams and the effectiveness of innovative technologies. The results of the analysis of the current rules for taking the creative exam in the educational program «Physical Culture and Sports» in universities of the Republic of Kazakhstan showed that the influence of the human factor prevails in the accounting of the points scored by the applicant, which is the reason for the increase in complaints from applicants and parents. During the study period, a survey was conducted of 1,478 students enrolled in the 1st year in the 2025-2026 academic year under the educational program «Physical Culture and Sport» in higher educational institutions of the Southern region of the Republic of Kazakhstan in the cities of Kyzylorda, Turkestan, Shymkent and Taraz. Based on the survey, the main goal of students choosing this specialty was determined. In addition, a modern automated system for taking creative exams in universities of the Republic of Turkey has been studied. As a result of the research, the advantages of introducing modern technologies and automating the process of taking creative exams have been proven.

**Key words:** innovative technologies, physical education and sports, entrant, creative exam, standard, digital platform.

Есиркепов Жандос Мergenбаевич, Ермаханов Бағлан Әмірзақұлы Абдилаев Абдыкалық Кошербаевич, Койшибаев Арман Балтабаевич, Асанов Алмазхан Шакенович

### Применение инновационных технологий при приеме абитуриентов на специальность «Физическая культура и спорт»

**Аннотация.** В данной статье подробно рассматривается необходимость применения современных автоматизированных технологий при приеме абитуриентов на образовательную программу «Физическая культура и спорт». В ходе исследования проведен сравнительный анализ процесса приема творческих экзаменов в отечественных и зарубежных вузах. Цель исследования - совершенствование нормативов приема творческих экзаменов по образовательной программе «Физическая культура и спорт». Задачи исследования: анализ системы приема творческих экзаменов за рубежом; анализ правил приема творческих экзаменов в Республике Казахстан; научно обосновать преимущества автоматизации творческих экзаменов и эффективности инновационных технологий. Результаты проведенного анализа действующих правил приема творческого экзамена по образовательной программе «Физическая культура и спорт» в вузах Республики Казахстан показали, что в учете набранных абитуриентом баллов преобладает влияние человеческого фактора, что является причиной увеличения претензий со стороны абитуриентов и родителей. За исследуемый период проведено анкетирование 1478 обучающихся, принятых на 1 курс в 2025-2026 учебном году по образовательной программе «Физическая культура и спорт» в высших учебных заведениях Южного региона Республики Казахстан в городах Кызылорда, Туркестан, Шымкент и Тараз. На основе анкетирования была определена главная цель студентов выбора данной специальности. Кроме того, изучена современная автоматизированная система приема творческих экзаменов в вузах Турецкой Республики. В результате исследования были доказаны преимущества внедрения современных технологий, автоматизации процесса приема творческих экзаменов.

**Ключевые слова:** инновационные технологии, физическая культура и спорт, абитуриент, творческий экзамен, норматив, цифровая платформа.

**Кіріспе.** Жоғары оқу орындарында (ЖОО) дене тәрбиесі мұғалімдерін даярлау жоғары дене дайындықты, әдістемелік және кәсіби психологиялық-педагогикалық құзыреттілікті талап ететіндігі белгілі. Талапкерлерді іріктеудің негізгі кезеңдерінің бірі дене тәрбиесі және арнайы дайындық бойынша нормативтерді орындауды қамтитын шығармашылық емтихан болып табылады. Бұл шығармашылық емтихандары талапкерлердің арнайы дайындықпен мамандану бағдарламасын толыққанды игеруі үшін қажетті дене дамуының базалық деңгейін бағалау мақсатында өткізіледі. Шығармашылық емтиханды қабылдау келесі мақсатта жүргізіледі: талапкердің жалпы және арнайы дене дайындығын бағалау; дене дайындығы көрсеткіштерінің білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкестігін тексеру; оқуға талантты және қабілетті талапкерлерді іріктеу; талапкердің негізгі қимыл-қозғалысты меңгеру деңгейін анықтау.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында шығармашылық емтихандарды «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 қазанда №17650 болып тіркелген (26.07.24 ж. жаңартылған) мамандандыру бойынша нормативтер, жалпы дене дайындығы бой-

ынша нормативтер негізінде жүзеге асырылып келеді.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының 35-тен аса жоғары оқу орындарында «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы (БББ) бойынша шығармашылық емтихан негізінде талапкерлерді қабылдау жүзеге асырылып келеді. Бұл оқу орындарындағы шығармашылық емтихандардың нормативтеріне талдау жүргізгенімізде бірізділіктің сақталмағандығыны, әрбір оқу орны әртүрлі нормативпен қабылдайтындығы анықталды. Әрбір жоғары оқу орны өздеріне берілген академиялық еркіндік аясында өңірлік ерекшеліктерін ескере отырып немесе оқу орнының материалдық-техникалық базасының әлеуетіне байланысты шығармашылық емтиханды қабылдау нормативтерін өздігінше бекітіп, жүзеге асыруда. Мысалы, кейбір ЖОО-да 50 м-ге жүзу нормативтері бар болса, арнайы жүзу бассейндері жоқ ЖОО-да бұл нормативтер алынып тасталған. Бұл жеңіл атлетика түрлеріне де қатысты. Бір ЖОО-да 1000 м норматив (ерлер мен әйелдерге) қабылдаса, бірқатар ЖОО-да 3000 м қабылдайды. Ал, граната лақтыру, ядро итеру түрлерін бір оқу орындары шығармашылық емтихан ережесіне енгізсе, басқа оқу орындарында бұл нормативтер қарастырылмаған.

«Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтихандарды қабылдау бағытында отандық ғалымдардың еңбектеріне талдау жасағынымызда бұл тақырыпта соңғы 25 жылда мақсатты түрде ізденіс жасап, жарияланымдар ұсынған ғалымдардың

еңбектері аса көп емес екендігін аңғардық. Тек біран-саран мамандардың еңбектерінде бірқатар мәселелер қамтылып, өз ұсыныстарын білдіреді. Атап айтқанда: Ш.Н.Қуатбеков «Дене шынықтыру және спорт» БББ-сы бойынша шығармашылық емтихан нормативтерін қабылдау бірнеше күнге жоспарланатындығына және қағазбастылықтың көп екендігіне назар аударады. Соңғы бес жылда аталған БББ-на тапсырушы талапкерлердің санының көбейгеніне байланысты әрбір талапкердің норматив көрсеткіштерін есепке алуға, оларға хаттама толтыру көп уақытты алатындығын атап өтеді [1]. Ал, профессор Ж.Егізбаев барлық мамандықтар бойынша шығармашылық емтихан тапсырушы талапкерлердің шектен тыс көбейіп кеткендігіне назар аударып, талапкерлердің басым бөлігінің 90-100% аралығында жоғары балл жинауына, шығармашылық емтихан тапсырған талапкерлердің жинаған баллдарын есептеуде адами фактордың рөлінің басым екендігі күмән тударатындығына назар аударады [2]. Б.К.Мухамеджанов қазіргі таңда Қазақстандағы «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша қабылдау жүргізіп жатқан ЖОО-дағы шығармашылық емтихан нормативтері бұрынғы КСРО кезіндегі нормативтердің шеңберінде қалып қойғандығын атап өтіп, бұл бағытта ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, алыс-жақын шет елдердің тәжірибесіне талдау жасап, ең тиімдісін тәжірибеге енгізу қажеттілігіне назар аударады [3]. Сонымен қатар, Н.Б.Омаров өзінің ғылыми-зерттеу еңбегінде кеңейтілген шынайылық технологиясының көмегімен қандай да бір жаттығуға қатысушылардың қимыл-әрекетті дұрыс немесе қате орындап тұрғанын дәл анықтауға болатындығын нақты сызбамен көрсетеді [4]. Бұл әдістің кейбір элементтерін шығармашылық емтихан нормативтерін қабылдау барысында қолдануға болатындығын немесе болмайтындығын зерделеп, тәжірибе жүзінде тексеріп көру қажеттілігі бар. Аталған ғалымдардан басқа бұл мәселе бойынша ғылыми бағытта зерттеу жүргізіп, нақты ұсыныстар білдірген еңбектер кездеспегенін ескерсек, бұл мәселенің күрделі екендігін және қазіргі таңдағы өзектілігін айқындайды. Мысалы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіндегі «Дене шынықтыру және спорт» БББ-ның шығармашылық емтиханды қабылдау нормативтері профессор Н.И.Шиндиннің «Абитурагент и творческий экзамен» атты оқу құралы негізінде жасалған [5]. Н.И.Шиндиннің бұл оқу құралы Мәскеуде

1987 жылы КСРО-ның Спорт министрлігінде қабылданған Дене шынықтыру факультеттеріне арналған мамандық бойынша түсу емтиханы бағдарламасын негізге алып жасалғандықтан бұл нормативтердің ескіргендігіне көз жеткізуге болады. [6]. Қазіргі ақпараттық технологиялар қарыштап дамып, барлық сала инновациялық бағытта жаңаруға қадам басып жатқан заманда шығармашылық емтихандарды қабылдау нормативтерін бірізділендіріп, автоматтандыру және инновациялық технологияларды қолдану бағытында жұмыстар жүргізу заман талабы деп санаймыз. Ал, шетелдік ғалымдар арасында А.Мehmet пен әріптестері жүргізген зерттеулерінде Түркиядағы «Дене тәрбиесі және спорт жоғары мектептері мен спорт ғылымдары» факультеттерінде өткізілетін шығармашылық емтихандарының қазіргі жағдайын зерттеп, бағалау жұмыстарын жүргізген. Зерттеу нәтижесінде Түркияның шығармашылық емтихан бойынша талапкерлерді қабылдайтын жоғары оқу орындары арасында емтиханда қолданылатын өлшеу құралдары мен тест тапсырмаларында елеулі айырмашылықтың бар екендігін атап өтеді [7]. U.Yavuz мен M.Karahan өз зерттеу еңбектерінде «Дене тәрбиесі және спорт» бөліміне арналған шығармашылық емтихандарды қабылдауға бағытталған арнайы компьютерлік жүйенің маңызына тоқталып, талапкерлердің арнайы дене дайындық көрсеткіштерін өлшеу мен бағалау кезінде компьютерді қолдану қателіктер мен кемшіліктерді барынша азайтып, талапкерлер мен ата-аналар тарапынан жасалатын шағымдардың азаюына айтарлықтай ықпал ететіндігіне баса мән береді [8]. Ал, N.Toprak пен L.Saraç Мерсин университеті «Дене тәрбиесі және жоғары спорт» мектебінің шығармашылық емтиханына қатысқан ер және әйел талапкерлердің мұғалімдік мамандыққа деген көзқарасын анықтау бағытында зерттеу жұмысын жүргізген. Зерттеу барысында «Мұғалімдік мамандыққа көзқарасы шкаласы» әзірленіп, тәжірибе жүзінде іске асырылады [9]. Ş.Parlakkiliстің еңбегінде Стамбұл университетінің «Спорт ғылымдары» факультетінің талапкерлерді қабылдау кезінде өткізетін шығармашылық емтихан нәтижелерінде қандай балл түрлерінің маңызды екенін анықтап, осы балл түрінің маңыздылығын көрсетеді. Сонымен қатар, шығармашылық емтиханға дайындық кезінде жалпы білім беретін мектеп пен спорт мектептерінің арасындағы өзара байланысты үйлестіре жүргізу қажеттілігіне баса назар аударады [10]. E.U.Küçüksille мен әріптестері Түркия университеттерінде «Дене

тәрбиесі және спорт» бөлімдеріне талапкерлерді қабылдауға арналған шығармашылық емтихандарды университет басшылығы тағайындаған комиссия мүшелерінің жүзеге асыратындықтан соңғы жылдары өткізілген емтихандарда өтінімдердің цифрлық ортада қабылданбауы, талапкерлердің кедергілерге кездесуі, емтихан кезінде түсірілген бейнежазбалардың сақталмауы және т.б. келеңсіз жағдайлардың орын алуы шығармашылық емтиханның шынайылығын төмендетіп, қателік жасау ықтималдығын арттырып, талапкер тарапынан көптеген күмәнді жағдайлар тудырып, шағымдардың көбейгенін атап өтеді. Осындай келеңсіз мәселелерді туындатпау, әділдікті қамтамасыз ету және күмәнді ойларды түбегейлі жою мақсатында арнайы автоматтандырылған жүйе әзірлеп, тәжірибеге енгізген. Зерттеу нәтижесі талапкерлердің емтихан тапсыру деректері, электрондық схема мен сенсорлар арқылы талапкердің емтиханды бастау және аяқтау уақыты автоматты түрде жүйеге жазылып, талапкерлердің емтиханды тапсыруы мен нәтижелерінің нақты тіркелуіне қатысты күмәнді ойларын азайтуға, ашықтықты қамтамасыз ету мүмкіндігінің жоғарылағанын көрсетеді [11].

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы», – деп жариялап, Қазақстанды цифрлы мемлекетке айналдыру міндетін қойды [12]. Инновациялық технологиялар дәуірінде барлық салада біз цифрлық шешімдер мен қызметтерді сәтті жүзеге асырып, жетекші елдердің қатарына кіруіміз үшін дене тәрбиесі және спорт саласында да заманауи технологияларды батыл қолданып, тәжірибеге ендіруді қолға алуымыз қажет. ЖОО-да «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтиханды қабылдауда инновациялық технологияларды қолданудың өзіндік артықшылықтарына тоқталып өтсек: 1. Шығармашылық емтихан нормативтерін қабылдауда ашықтық болады; 2. Әрбір талапкер жинаған ұпайларын сол мезетте көріп, біліп отыруға мүмкіндік болады; 3. Таныстыққа жол берілмейді (баллды негізсіз көтеріп, түсіруге); 4. Қағазбастылық азаяды, уақыт үнемделеді және т.б.

Зерттеу тобы Қазақстан Республикасындағы ЖОО-да шығармашылық емтиханды қабылдауға бағытталған бірқатар ұсыныстар мен Н.Б.Омаровтың ұсынымына назар аударып отырып, Түркия Республикасының үздік университеттер қатарындағы «Трабзон» «Гази», «Анкара», «Гүмүшхане», «Байбурт», «Стамбұл» және «Хаджеттепе» университеттерінің «Дене тәрбиесі мұғалімі» мамандығына талапкерлерді

қабылдауға арналған шығармашылық емтихан ережесіне жан-жақты талдау жасады. Түркия Республикасындағы шығармашылық емтиханды қабылдау нормативтерінің басты ерекшелігі – барлық университеттерде бірдей бірыңғай тест негізінде қабылдау жүйесінің енгізілуі және барлық тест тапсырмалары инновациялық технологиялар көмегімен жүзеге асырылады. Бұл өз кезегінде бірізділіктің сақталуына, жарқын болашақ пен ашықтықты қамтамасыз етуге өзіндік ықпал етеді.

**Зерттеудің мақсаты:** Қазақстан Республикасындағы «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтиханды қабылдау нормативтерін жетілдіруге ұсыныстар беру. Отандық және шетелдік тәжірибені салыстырмалы түрде талдау.

#### **Зерттеудің міндеттері:**

1. Түркия Республикасының университеттеріндегі «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы бойынша шығармашылық емтихан қабылдауда қолданылатын инновациялық технологияларға талдау жасау.

2. Қазақстан Республикасындағы ЖОО-ғы «Дене шынықтыру және спорт» БББ-сы бойынша шығармашылық емтиханды қабылдаудың қолданыстағы ережесі мен бағалау жүйесіне салыстырмалы талдау жүргізу.

3. «Дене шынықтыру және спорт» БББ-сы бойынша шығармашылық емтиханды автоматтандырудың шынайылықты қамтамасыз ету, ашықтық орнату, талапкерлер мен ата-аналар тарапынан туындайтын күмәнді ойларды төмендету және инновациялық технологиялардың тиімділік тұстарының артықшылығын ғылыми тұрғыдан негіздеу.

**Зерттеудің гипотезасы.** Егер Қазақстандағы ЖОО-да «Дене шынықтыру және спорт» БББ-сы бойынша шығармашылық емтихан нормативтері автоматтандырылып, заманауи технологияларды қолдану негізінде жүзеге асатын болса, онда талапкерлердің дене дайындық көрсеткіштерін бағалау барысында адами фактордың ықпалы айтарлықтай төмендеп, емтихан қабылдауда ашықтық орнап, талапкердің жиынтық нәтижелерінің шынайылығы қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, талапкерлер мен ата-аналардың күмәнді ойларын төмендетіп, шығармашылық емтиханды ұйымдастырып-өткізуде қағазбастылықтан арылтуға мүмкіндік береді.

**Материалдары мен әдістер.** Зерттеу жұмысы қазақ, орыс және түрік тілдерінде соңғы 25 жылда (2000-2025 жж.) жарияланған ғылыми мақалалар мен оқу құралдарын шолу негізінде

жүргізілді. Зерттеу нәтижелеріне сандық талдау жүргізіліп, кестелердегі деректер айқындалды. Әдебиеттер мен ғылыми мақалалардағы кілт сөздер арқылы іздеу жұмыстары жүргізілді. Тақырып аясында ғылыми жарияланымдарды іздестіру барысында отандық ғалымдар тарапынан нақты зерттелген материалдардың көп еместігі байқалды. Шетелдік ғалымдардың еңбектері зерттеудің өзектілігіне, мақсат-міндеттеріне негізделген деректерді ұсыну мақсатында жан-жақты талданды. Зерттеу барысында шетелдік ғалымдардың шығармашылық емтихан нормативтерін қабылдауға арнайы жасалған автоматтандырылған жүйесі негізге алынды. Түркия Республикасының ЖОО-ның ішінде Трабзон университетінде «Дене

тәрбиесі және спорт» мамандығы бойынша шығармашылық емтиханды қабылдау мақсатында тәжірибеге енгізілген заманауи тест жаттығуларына талдау жасалды.

Зерттеу тобы Қызылорда, Түркістан, Шымкент және Тараз қалаларындағы бес жоғары оқу орындарындағы «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасына 2025-2026 оқу жылында қабылданған 1-курс студенттеріне (1478 студент) сауалнама жүргізілді. Сауалнама сұрақтары 1-кестеде беріледі. Ал, Оңтүстік аймақтағы ЖОО-ның «Дене шынықтыру және спорт» БББ-ның 1-курсына қабылданған студенттердің сандық және сапалық құрамын анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама мәліметтері 2-кестеде талданып беріледі.

1-кесте – Оңтүстік өңірдегі ЖОО-ның 1-курс студенттеріне жүргізілген сауалнама сұрақтары

№	Сауалнама сұрақтары
1	«Дене шынықтыру және спорт» мамандығын өз еркіңізбен таңдадыңыз ба?
2	«Дене шынықтыру және спорт» мамандығын таңдауыңызға ықпал еткен негізгі факторларды атап өтіңіз?
3	Болашақта Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша жұмыс жасау жоспарыңызда бар ма?
4	Спорттық дәрежеңіз бар ма (ҚР ХДСШ, СШ, СШҮ, 1-2 разряд)?

*Ескерту: кесте авторлармен жасалды.*

**Нәтижелер.** 2024 жылы 30 қазанда Қазақ спорт және туризм академиясында ҚР ҒЖБ министрлігінің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі (РУМС) жанындағы В005 «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша ОӘБ-нің кеңейтілген отырысында шығармашылық емтихандарын өткізудің жаңа форматы жетекші мамандармен талқыланып, келесі тәртіппен регламенттеу ұсынылды:

1) *Бірінші шығармашылық емтихан:* «Мамандану бойынша нормативтер» бойынша таңдалған спорт түріне сәйкес бағалаудың бірыңғай өлшемдерін енгізу, сондай-ақ, мұны екі құрамдас екі бөлікке бөлу: а) арнайы дене дайындығы; б) таңдалған спорт түрінің техникасын көрсету.

2) *Екінші шығармашылық емтихан:* «Жалпы дене дайындығы бойынша нормативтер» бойынша 4 жаттығу негізінде бірыңғай бағалау өлшемдерін енгізу: а) жүгіру – (ерлер) 100м / сек; (әйелдер) 60м / сек; б) белтемірге тартылу – (ерлер); денені көтеру – (әйелдер); в) орнында тұрып ұзындыққа секіру (ерлер, әйелдер), (см); г)

жүгіру – 1000 м (мин) – ерлер; жүгіру – 500 м (мин) – әйелдер.

3) *Спорттық атақтары бар* (ЕССШ, ХДСШ, СШ) талапкерлерге басымдық құқық беру: аталған санаттағы талапкерлер тек «Жалпы дене дайындығы бойынша нормативтер» тапсырады, ал екінші шығармашылық емтиханнан «Мамандану бойынша нормативтер» автоматты түрде ең жоғары балл беріледі.

4) *Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін* екі шығармашылық емтихан бойынша бағалаудың бірыңғай өлшемдерін қарастыру.

Мамандандыру бойынша нормативтерін біріздендіру үшін спорт түрлері негізгі алты топқа бөліп қарастырылады. 1-топ – спорттық ойындар (футбол, баскетбол, волейбол, гандбол, хоккей, регби, теннис және басқалар); 2-топ – жекпе-жек (спорттық күрес, бокс, жекпе-жек түрлері); 3-топ – циклдік спорт түрлері (су спорты, жеңіл атлетика, шаңғы спорты, конькимен жүгіру спорты, велоспорт, және басқалар); 4-топ – күрделі-үйлестіру спорт түрлері (гимнасти-

ка түрлері, күрделі-техникалық спорт түрлері, ауыр атлетика, семсерлесу, мәнерлеп сырғанау, фитнес және т.б.); 5-топ – зияткерлік ойындар (тоғызқұмалақ, шахмат); 6-топ – бейімдік дене шынықтыру және спорт.

Бұл ұсынылған шығармашылық емтиханды қабылдау нормативтері дәстүрлі жүйеге негізделіп жасалғандықтан, адами фактордың рөлі ерекше орын алатындығын ескеруіміз

қажет. Авторлар құрамы 2025-2026 оқу жылында Қазақстанның оңтүстік аймағындағы жоғары оқу орындарында «Дене шынықтыру және спорт» БББ бойынша шығармашылық емтихан нормативтерін тапсырып, 1-курсқа қабылданған студенттердің сандық және сапалық құрамына сауалнама жүргізіп, сауалнама нәтижелерін талдау негізінде бірқатар өзекті мәселелерге көз жеткізді. Ол 2-кестеде көрсетіледі.

2-кесте – Қазақстанның оңтүстік аймағындағы ЖОО-ның «Дене шынықтыру және спорт» БББ-ның 1-курсына қабылданған студенттердің сандық және сапалық құрамын анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама деректері

№	Оқу орнының атауы	1-курсқа қабылданған студенттер саны	БББ таңдап келгендер %	БББ таңдамай келгендер %	БББ бойынша жұмыс істегісі келемейтіндер %
1	Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ	178	39,3	60,7	56,5
2	Қорқыт Ата атындағы ҚУ	381	32,5	67,5	61,5
3	Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ	208	43,1	58,7	51,6
4	М.Х.Дулати атындағы ТӨУ	431	37,8	62,2	59,3
5	М.Әуезов атындағы ОҚУ	280	37,1	62,9	66,5
Барлығы:		1478	36,5	63,5	59,1

*Ескерту: кесте авторлармен жасалды.*

Кестедегі сауалнама деректеріне талдау жасасақ:

1) Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Дене шынықтыру және спорт» БББ-на қабылданған 1-курс студенттерінің (178 студент) 39,3%-ы мамандықты таңдап келгендіктерін, ал, 60,7%-ы ұлттық бірыңғай тестілеуден (ҰБТ) төмен балл жинағандықтан кездейсоқ келгендіктерін атап өтті. Сонымен қатар, осы 60,7% студенттердің басым бөлігі (56,5%) болашақта бұл мамандықпен жұмыс жасауға құлықсыз екендіктерін білдірді.

2) Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Дене шынықтыру және спорт» БББ-на қабылданған 1-курс студенттерінің (381 студент) 32,5%-ы мамандық бойынша білім алуды көздеп келгендіктерін, ал, 67,4%-ы мамандықты қаламай келгендіктерін атап өтеді. Мамандықты қаламай келген 67,4% білім алушының 61,5%-ы осы мамандық бойынша жұмыс жасауға қызығушылық танытпаған.

3) Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетіне аталған БББ-сы бойынша қабылданған 1-курс студенттерінің (208 студент) 43,1%-ы мамандық бойынша білім алуды көздеп келгендіктерін, 58,7% студент мүлдем басқа мамандықты таңдап, мемлекетті білім грантына түсу баллы жетпегендіктен осы БББ-на құжат тапсырғандықтарына көз жеткіздік. Ал, осы 58,7% студенттің 51,6%-ы болашақтағы қызметін бұл мамандықпен байланыстырмайтындығын сенімді атап көрсетеді.

4) М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетіне 1-курсқа қабылданған студенттердің (431 студент) 37,8%-ы мамандықты болашақ кәсібі ретінде таңдап, 62,2% білім алушы ЖОО-да білім алып, жоғары диплом алу үшін келгендіктерін атап көрсеткен. Осы 62,2% студенттің 59,3%-ы осы мамандықты бітіргеннен кейін өзінің бастапқы таңдаған мамандығы бойынша білімін жалғастыратындығын атап өтеді.

5) М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіне қабылданған 280 студенттің

37,1%-ы өз еркімен таңдап келсе, 62,9%-ы ҰБТ-дан төмен балл жинағандықтан шығармашылық мамандыққа амалдың жоқтығынан келгендіктерін атап көрсеткен. Ал, осы 62,9% студенттің 66,5%-ы басқа салада жұмыс істеуді жоспарлаймын деп жауап берген.


Ал, аталған университеттердің 1-курсанда білім алатын барлық 1478 білім алушының 298-і (20,1%) үздік спортшылар қатарында болса (ҚР ХДСШ, СШ, СШҮ, 1-2 разряд), қалған 1180 студенттің 36,5%-ы болашақта дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі болуды мақсат ететінін, ал 63,5% студент бұл мамандыққа кездейсоқ келгендіктерін айқындадық. Шығармашылық емтихан нормативтерін тапсыру барысында барлық 1478 талапкердің 86,5%-ы 90 мен 100 баллдың аралығындағы жоғары баллды жинаған. Бұл үздік спортшылармен қатар кездейсоқ келген талапкерлердің де бірдей жоғары балл жинағандығын көрсетеді.

Бұл мемлекеттік деңгейдегі жоғары білім беретін университеттердегі жағдай екендігіне назар аударсақ, бір ғана оңтүстік аймақта аталған ЖОО-нан басқа 9-дан астам жеке университеттердегі «Дене шынықтыру және спорт» БББ-на бірнеше мыңдаған студенттер қабылданып, білім алып жатқандығы білім сапасының төмендеуіне, профессор-оқытушылар құрамының әлеуетіне әсер ететіндігі сөзсіз. ЖОО-ғы «Дене шынықтыру және спорт» БББ-на жыл сайын білім алушылардың шектен тыс қабылдануы бір жағынан Қазақстандағы еңбек нарығындағы сұранысты қанағаттандырғанымен, екінші жағынан бәсекеге қабілетті мамандарды жұмыспен қамту мәселесіне айтарлықтай әсер етуде. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі тағайындаған мемлекеттік білім грантының әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың есебінен артуы «Дене шынықтыру және спорт» БББ-на қабылданатын үздік спортшыларға тікелей әсер ететіндігі белгілі. Сондықтан ЖОО-дағы аталған білім беру бағдарламасына тапсыратын талапкерлердің білім деңгейімен (Қазақстан тарихы мен оқу сауаттылығы) қатар, шығармашылық емтихан нормативтерін инновациялық технологияларды пайдаланып қабылдағанда ғана шынайылық пен әділдік орнайтынды деп санаймыз. Өйткені, дене дайындығы жоғары, шыныққан, өзі кәсібін жақсы көретін талантты спортшылардың (талапкерлердің) басым бөлігі «Дене шынықтыру және спорт» БББ-на кездейсоқ келген талапкерлердің көптігінен мемлекеттік білім грантын иелене алмай келеді.

**Талқылау.** Қазақстан Республикасының ЖОО-дағы «Дене шынықтыру және спорт» БББ-на талапкерлерді қабылдауға арналған шығармашылық емтихан ережелерін мұқият саралау негізінде барлық нормативтерді автоматтандырып, инновациялық технологияларға негіздемей әділдік орнамайтындығына нақты көз жеткіздік. Осы мақсатта Түркия Республикасының Трабзон университетіндегі «Дене тәрбиесі мұғалімі» мамандығына талапкерлерді қабылдауға арналған шығармашылық емтихан ережесінің артықшылық тұстарына жан-жақты талдау жасалды. Аталған университеттердегі Қазақстандағы білім жүйесі сияқты шығармашылық емтихан алдында «Дене тәрбиесі мұғалімі» мамандығы үшін жоғары білім беру мекемелеріне қабылдау емтиханын (тест) тапсырады. Қазақстандағы ҰБТ сияқты. Қазақстанда шығармашылық бағытты таңдаған талапкерлер тек Қазақстан тарихы мен оқу сауаттылығы пәндерінен тест тапсырса, Түркия Республикасы бойынша шығармашылық мамандықты таңдаған талапкерлер келесі пәндерден тест тапсырады: түрік тілі, математика, әлеуметтік ғылымдар және жаратылыстану. Ал, «Дене тәрбиесі мұғалімі» мамандығына арналған шығармашылық емтихандардың нормативтерінің барлығы тест түрінде қабылданады. Тест тапсыру сызбасы 1-суретте, YouTube каналынан скриндап алған сурет 2-суретте көрсетілген (<https://www.youtube.com/watch?v=48b6e71BYfE>). Бұл тесттің негізгі мақсаты, «Дене тәрбиесі мұғалімі» мамандығын таңдаған талапкердің дене дайындығын анықтау болып табылады. Әрбір талапкердің мамандыққа негізделген норматив көрсеткіштерін арнайы инновациялық технологиялардың көмегімен есептеп шығарады. Тест тапсыру ашық әрі әділ жүргізіледі. Арнайы таблодан суретте көрсетілген нүктелерден (станциялардан) талапкердің реттік нөмірі, аты-жөні және әрбір жаттығуды орындау уақыты көрсетіліп тұрады. Әрбір талапкерге тізім бойынша реттік нөмір беріледі. Таблода реттік нөмір көрсетіліп, талапкер сөре сызығына шақырылады. Талапкер сөре сызығына келіп, тест тапсыруға дайын екендігін білдіріп, белгі береді. Бақылаушы оқытушы белгі бергенде секундомер іске қосылып, талапкер суретте көрсетілген жабдықтардың реттік нөмірі бойынша келесі жаттығу тапсырмаларын орындайды:

1. Сөреден жүгіріп шығып, 10 м қашықтықта орналасқан 1-ші тепе-теңдік (баланс) сақтау бөренесінің үстімен қолды екі жанға созып, жылдап жүріп өтеді де 2-ші шеңбер нүктесіне қарай барынша жылдам жүгіреді;

2. Арасы 4 м болатын кедергілерді жылдам айналып өтіп, 3-ші баскетбол нүктесіне қарай жүгіреді;



Сурет 1 – Түркия Республикасының Трабзон университеті бойынша шығармашылық емтихан тапсыруға арналған тест жаттығуларының сызбасы. Ескерту: Сурет авторлармен жасалды.



Сурет 2 – Түркия Республикасының Трабзон университетінде талапкерлердің шығармашылық емтихан тапсыру барысы. Ескерту: Сурет YouTube каналынан скриндап алынды. (<https://www.youtube.com/watch?v=48b6e71BYfE>).

3. Баскетбол нүктесіндегі жәшіктің ішінен екі баскетбол добын екі қолына қысып алып, кедергілердің арасымен жылан тәрізді қимыл жасап, 4-ші алға аунау нүктесіне жүгіреді;

4. Гимнастикалық орындық үстінен алға аунап, 5-ші секіру нүктесіне жүгіріп келіп, биіктігі 50 см болатын кедергіден оңға-солға (4 рет) секіріп өтіп, жылдам 6-шы доптар нүктесіне жүгіреді;

5. Кіші доптар салынған 6-шы нүктедегі арасы 6 метр қашықтықтағы екі жәшікке алма-кезек жүгіріп, 1-жәшіктегі допты алып, 2-жәшікке салады да 2-ші жәшіктегі допты алып 1-ші жәшікке салады;

6. Жәшіктерге допты салып болған соң, түзу мәре сызығынан жүгіріп өтеді. Мәре сызығынан өткен кезде уақыт тоқтатылып, жалпы тестке кеткен уақыт таблода көрсетіледі.

Осы жеті жаттығуды (тестті тапсыру) орындау барысында әрбір нүктедегі жаттығу аяқталған мезетте автоматты түрде норматив көрсеткіштері табло астында бөлек көрсетіліп тұрады. Бұл барлық талапкерге тест тапсырмасын орындау барысында қандай қателіктер мен кемшілік жіберген тұстарын нақты көріп-білулеріне қолжетімділікті көрсетеді. Бұл шығармашылық емтиханның шынайы әрі әділ өтуіне 100 пайыз мүмкіндік береді.

Зерттеу тобы Түркия Республикасының ЖОО-ғы автоматтандырылған заманауи тәжірибеге сүйене отырып, басқа да шетелдік ЖОО-ғы шығармашылық емтиханды қабылдаудың озық тәжірибесіне кешенді талдау жұмыстарын жүргізіп, жүргізілген талдау нәтижесінде шығармашылық емтиханды ұйымдастырып, өткізуде әділдік пен шынайылықты қамтамасыз ететін, талапкердің жинаған баллын есепке алудың ең тиімді нұсқасын анықтап, оны Қазақстанның ЖОО-да «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша талапкерлерді қабылдау тәжірибесіне ендіруді ұсынады. Осы ұсынысты жүзеге асыру Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан Үкіметіне тапсырған еліміздің барлық саласына цифрландыру мен жасанды интеллект тетіктерін кеңінен енгізу бағытындағы талаптарымен толықтай сәйкес келеді.

**Қорытынды.** Зерттеу жұмысында «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасына талапкерлерді қабылдау барысында инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігі мұқият қарастырылды. Түркия Республикасының ЖОО-ғы шығармашылық

емтихан нормативтерін қабылдау барысына жүргізілген жан-жақты талдау нәтижелері автоматтандырылған бағалау жүйесі мен инновациялық технологияларды қолданатынын, цифрлық платформалар шығармашылық емтиханды қабылдаудың шынайылығы мен ашықтығын қамтамасыз етуде ең тиімді құрал екендігін көрсетті.

Қазақстан Республикасының ЖОО-да «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтихан нормативтерін қабылдаудың қазіргі қолданылып жүрген ережелеріне жасалған талдау нәтижелері емтиханды ұйымдастырып, өткізуде және емтихан нәтижелерін есепке алуда адами фактордың ықпалы басым екендігін және бұл жағдайлар талапкерлер мен ата-аналар тарапынан күмәнді ойлардың туындауына себеп болатыны анықталды.

Зерттеу нәтижелері шығармашылық емтихан нормативтерін автоматтандыру және инновациялық технологияларды енгізу талапкерлердің дене дайындық көрсеткіштерін бағалаудың шынайылығын арттырып, адами фактордың қолдауын (әсерін) айтарлықтай азайтуға мүмкіндік беретінін көрсетті. Сондай-ақ, инновациялық технологияларды қолдану арқылы талапкерлердің жинаған баллын дәл есептеп, уақытысында көріп, ашықтықты күшейтіп, емтихан кезіндегі нәтижелердің шынайы бағалануын қамтамасыз етіп, әділеттіліктің сақталуына сенімділікті арттырады. Бұл өз кезегінде комиссия мүшелері мен талапкерлердің, олардың ата-аналары арасындағы күмәнді көзқарасты азайтып, ЖОО-ның қоғамдағы мәртебесін арттырып, академиялық ашықтығын күшейтуге елеулі ықпал етеді.

ЖОО-да «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтиханды инновациялық технологияларды барынша қолдану арқылы автоматтандыру қағазбастылықты азайтуға, уақытты барынша үнемдеуге, ұйымдастыру тиімділігін арттыруға және талапкерлерді қабылдау үдерісін заманауи бағытта жетілдіруге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында қойылған мақсат-міндеттер мен гипотеза толықтай жүзеге асырылды. Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының ЖОО-ның шығармашылық емтихан қабылдау жүйесін оңтайландыруда заманауи инновациялық маңызға ие екендігі айқындалды.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Дайрабаев М.С. «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша шығармашылық емтиханды қабылдауда қағазсыз форматты енгізудің тиімділігі // «Білім және ғылым: заманауи көзқарас» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Түркістан, 2023. – Б. 263-266.
- 2 Егізбаев Ж. Шығармашылық емтиханды қабылдауды оңтайландыру уақыт талабы // «Жоғары оқу орындары мен колледж, мектептерде дене тәрбиесі құралдары арқылы жастардың рухани интеллектуалдық деңгейін қалыптастыру жолдары» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. – Қызылорда, 2022. – Б. 51-54.
- 3 Мухамеджанов Б.Қ. ЖОО-дағы шығармашылық емтихан нормативтерін жетілдіру жолдары // Қазіргі әлемдегі ғылым және білім: XXI ғасырдың сын-қатерлері» X Халықаралық ғылыми-практик. конф. матер. – Нұр-Сұлтан, 2022. – Б. 62-66.
- 4 Омаров Н.Б. Использование технологий дополненной реальности при выполнении физических упражнений // Сб. междунар. науч.-практич. конф. «Образование, воспитание и применение инновационных технологий в области физическо-го воспитания и спорта: проблемы и пути решения. – Ташкент, 2025. Часть 1. – С. 486-493.
- 5 Шиндин Н.И. Абитуриент и творческий экзамен: учебное пособие. – Кызылорда, 2000. – 96 с.
- 6 Вступительный экзамен по специальности для факультетов физической культуры / Программа педагогических институтов. – М., 1987. – 45 с.
- 7 Mehmet A., Bozgüney R., Mehmet A.Ü., Mehmet D. Beden Eğitimi ve Spor Yüksekokulları (BESYO) ve Spor Bilimleri Fakülteleri (SBF) Özel Yetenek Sınavlarının İncelenmesi ve Değerlendirilmesi // Gençlik Araştırmaları Dergisi. – Aralık – 2022. – №10(28). – pp. 131-146.
- 8 Yavuz U., Karahan M. Bilgisayar destekli otomasyonsistemlerive biruygulama: özetyeteneksinavlarında bilgisayar kullanımı // Atatürk Üniversitesi İktisadi ve İdari Bilimler Dergisi7. – 2010. – №13(1). – pp. 207-217.
- 9 Toprak N., Saraç L. Beden eğitimi ve spor yüksekokulu özel yetenek sinavi'na başvuran kadın ve erkek adayların öğretmenlik mesleğine karşı tutumlarının incelenmesi // Pamukkale Journal of Sport Sciences. – 2014. – Vol.5. – №2. – pp. 35-47.
- 10 Parlakkiliç Ş. Spor bilimleri fakülteleri özel yetenek sınavlarının incelenmesi (İstanbul üniversitesi örneği) // Researcher: Social Science Studies. – 2017. – Cilt 5. – Sayı 8. – pp. 224-234.
- 11 Küçükşille E.U., Taşdelen K., Arısoy A., Açıkğözoğlu E. Beden eğitimi ve spor bölümü özel yetenek sinavi için otomasyon sistemi tasarımı // SDU International Technologic Science. – 2010. – Vol. 2. – №1. – pp. 22-28.
- 12 Тоқаев Қ.К. Цифрландыру және жасанды интеллект жылын жариялау туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. <https://www.akorda.kz/kz/cifrlandyru-zhane-zhasandy-intellekt-zhylyn-zhariyalau-turaly-601458>. (қаралу күні: 06.01.2026 ж.).

## References

- 1 Dajrabaev M.S. «Dene shynyqtyru zhəne sport» mamandygy bojnsha shyғarmashylyқ emtihandy qabyldauda қағазсыз formatты engizudің tiimdiligi // «Bilim zhəne ғылым: zamanaui kəzqaras» atty Halyқaralyқ ғылыми-praktikalық konferenciya materialdary. – Tүrkistan, 2023. – B. 263-266.
- 2 Egizbaev ZH. SHyғarmashylyқ emtihandy qabyldaudy oñtajlandyru uaqyt talaby // «ZHоғары оқу орындары мен колледж, мектептерде дене тәрбиесі құралдары арқылы жастардың рухани интеллектуалдық деңгейін қалыптастыру жолдары» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. – Kyzylorda, 2022. – B. 51-54.
- 3 Muhamedzhanov B.Қ. ZHOO-dary shyғarmashylyқ emtihan normativterin zhetildiru zholdary // Qazirgi әlemdegi ғылым zhəne bilim: HKHI ғасырдың сын-қатерлері» X Halyқaralyқ ғылыми-praktik. conf. mater. – Nұr-Sұлтан, 2022. – B. 62-66.
- 4 Omarov N.B. Ispol'zovanie tekhnologij dopolnennoj real'nosti pri vypolnenii fizicheskikh uprazhnenij // Sb. mezhdunar. nauch.-praktich. конф. «Образование, воспитание и применение innovacionnyh tekhnologij v oblasti fizicheskogo vospitaniya i sporta: problemy i puti resheniya. – Tashkent, 2025. CHast' 1. – S. 486-493.
- 5 SHindin N.I. Abiturient i tvorcheskij ekzamen: uchebnoe posobie. – Kyzylorda, 2000. – 96 s.
- 6 Vstupitel'nyj ekzamen po special'nosti dlya fakul'tetov fizicheskoy kul'tury / Programma pedagogicheskikh institutov. – M., 1987. – 45 s.
- 7 Mehmet A., Bozgüney R., Mehmet A.Ü., Mehmet D. Beden Eğitimi ve Spor Yüksekokulları (BESYO) ve Spor Bilimleri Fakülteleri (SBF) Özel Yetenek Sınavlarının İncelenmesi ve Değerlendirilmesi // Gençlik Araştırmaları Dergisi. – Aralık – 2022. – №10(28). – pp. 131-146.
- 8 Yavuz U., Karahan M. Bilgisayar destekli otomasyonsistemlerive biruygulama: özetyeteneksinavlarında bilgisayar kullanımı // Atatürk Üniversitesi İktisadi ve İdari Bilimler Dergisi7. – 2010. – №13(1). – pp. 207-217.
- 9 Toprak N., Saraç L. Beden eğitimi ve spor yüksekokulu özel yetenek sinavi'na başvuran kadın ve erkek adayların öğretmenlik mesleğine karşı tutumlarının incelenmesi // Pamukkale Journal of Sport Sciences. – 2014. – Vol.5. – №2. – pp. 35-47.
- 10 Parlakkiliç Ş. Spor bilimleri fakülteleri özel yetenek sınavlarının incelenmesi (İstanbul üniversitesi örneği) // Researcher: Social Science Studies. – 2017. – Cilt 5. – Sayı 8. – pp. 224-234.
- 11 Küçükşille E.U., Taşdelen K., Arısoy A., Açıkğözoğlu E. Beden eğitimi ve spor bölümü özel yetenek sinavi için otomasyon sistemi tasarımı // SDU International Technologic Science. – 2010. – Vol. 2. – №1. – pp. 22-28.
- 12 Тоқаев Қ.К. Cifrlandyru zhəne zhasandy intellekt zhylyn zhariyalau turaly. Qazaқstan Respublikasy Prezidentiniң resmi sajty. <https://www.akorda.kz/kz/cifrlandyru-zhane-zhasandy-intellekt-zhylyn-zhariyalau-turaly-601458>. (қаралу күні: 06.01.2026 ж.).

## АВТОРЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ // ИНФОРМАЦИЯ ОБ АВТОРАХ // INFORMATION ABOUT THE AUTHORS

***<sup>a</sup>Бірінші автор***

**Есиркепов Жандос Мергенбайұлы** – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ., Қазақстан.

***<sup>a</sup>Первый автор***

**Есиркепов Жандос Мергенбайұлы** – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Международный университет туризма и гостеприимства, г. Туркестан, Казахстан.

***<sup>a</sup>The First Author***

**Yessirkeпов Zhandos** – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate professor, International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan.

**e-mail:** zhandos-1978@mail.ru

**ORCID:** <https://orcid.org/0000-0003-2542-6246>

***<sup>b</sup>Хат-хабарларға арналған автор***

**Ермаханов Бағлан Өмірзақұлы** – PhD, қауымдастырылған профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, PhD, қауымдастырылған профессор, Түркістан қ., Қазақстан.

***<sup>b</sup>Автор для корреспонденции***

**Ермаханов Бағлан Өмірзақұлы** – PhD, ассоциированный профессор, Международный казахско-турецкий университет им. Ходжи Ахмеда Ясави, г. Туркестан, Казахстан.

***<sup>b</sup>The Author for Correspondence***

**Yermakhanov Baglan** – PhD, Associate Professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan.

**e-mail:** baglan0989@gmail.com

**ORCID:** <https://orcid.org/0000-0003-1203-2280>

**Абдиллаев Абдыкалык Кошербаевич** – қауымдастырылған профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан.

**Абдиллаев Абдыкалык Кошербаевич** – ассоциированный профессор, Международный казахско-турецкий университет им. Ходжи Ахмеда Ясави, г. Туркестан, Казахстан.

**Abdillayev Abdykalyk** – Associate Professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan.

**e-mail:** mr.abdikalyk@bk.ru

**ORCID:** <https://orcid.org/0009-0008-0267-2042>

**Койшибаев Арман Балтабаевич** – аға оқытушы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан.

**Койшибаев Арман Балтабаевич** – старший преподаватель, Международный казахско-турецкий университет им. Ходжи Ахмеда Ясави, г. Туркестан, Казахстан.

**Koishibaev Arman** – Senior Lecturer, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan.

**e-mail:** armankoishybaev31@gmail.com

**ORCID:** <https://orcid.org/0009-0005-3159-7254>

**Асанов Алмазхан Шакенович** – университеті, аға оқытушы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан.

**Асанов Алмазхан Шакенович** – старший преподаватель, Международный казахско-турецкий университет им. Ходжи Ахмеда Ясави, г. Туркестан, Казахстан.

**Assanov Almazkhan** – Senior Lecturer, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan.

**e-mail:** almazkhan.assanov@ayu.edu.kz

**ORCID:** <https://orcid.org/0009-0009-7228-793X>

Мақала түскен күні: 19.01.2026

Мақала басылымға қабылданған күні: 30.01.2026